

**Қазақстан Республикасының
Білім және Ғылым Министрлігі
Түркістан облысы білім басқармасы
Сайрам ауданы білім бөлімі
№1 Сайрам балалар саз мектебі**

“Хор-вокал” бөлімі

Ашық сабақ

*Тақырыбы: Демдегі
жсаттығулармен жұмыс*

Мұғалім: Нуртаева А.Д.

2023 жыл

Сабақтың тақырыбы: Деммен жұмыс

Сабақтың мақсаты:

1. Табиғи вокалдық дарынын игеру, музыкалық есту қабілетін дамыту
2. Демді дұрыс алу, түсіне білу, сезіну, көркемдік әдіс-амалдарды меңгеру, сөзбен жұмыс жасау көркемдік мазмұнын ашу.

3. Еңбекқорлыққа, алға мақсат қоя білуге тәрбиелеу

Көрнекілік: фортепиано, ноталары

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

1. Дауысты дайындау жаттығулары
2. Бет бұлшықеттерін қыздыру мақсатында мимикалық жаттығулар жасау
3. Ерінді, тілді жаттықтыратын жаттығулар
4. Дайындық жаттығулары (тыныс алу, дыбыс шығару, дикцияға арналған)
5. «Вокализ» нота текстімен жұмыс жасау (көлемі, ырғақ, ұзақтылық) әнді фортепианада ойнау

6. Әнді кезең бойынша үйрену

1. Әнмен танысу
2. Мәтінмен жұмыс
3. Фортепианомен айту

Сөз негізгі – дыбыс

Сөйлегенде немесе тақпақ айтқанда, сөзбен және буынның ашық айтылуын дикция дейміз. Дикция латын тілінен аударғанда

айтылу айту деген мағына береді. Негізгі жалпыға бірдей бірнеше сипатты белгілермен айқындалады. Ән айту кезінде көркемдік образдың мағыналық және мәнерлік компоненті ретінде сөздің мағынасы зор. Сондықтан алғашқы сабақтарын бастап сөйлеу техникасын дамытуға көңіл аудару керек.

Бұл жаттығулардың мақсаты-сөйлеу аппаратын жұмыс жасауға дайындау, қыздыру, бұлшықеттердің қосылуын болдырмау резонаторға дыбысты сезіну алғашқы жаттығуларды жайлап айту.

Тіл жаттықтыратын жаттығулар

1. Ауыз екі елі ашық, бірақ ендігі көңіл тілді қимылына ауады. Тілдің ұшы жәй ғана тіске тиіп жатсын ауызды ашқанда көмейдегі кішкене тілді көтеріп, дауысты дыбыстарды еркін шығарыңыз.

Жаттығулар

Есінегендей қалыпты аламыз.

Жаттығудың мақсаты; дамыту

Диапозонын арттыру дикцияның нақтылығы

А.Э.И.О.У Легато позициясы

1. Дыбыспен айту

2. Стакатто штрихын қосу

Жаңылтпашпен жұмыс жасау.

1. Алдымен мәтінді жай оқу керек

Жаңылтпашты немесе қиын сөзді жаймен, буындап тұрғандай айтыңыз. Бұл қадамдағы алғашқы міндет мәтінді дұрыс жаттау.

2. Мәтінді жаймен айтқан кезде әрбір дыбыс ашық және нақты айту керек, артикуляцияны дыбыссыз қолмен көріңіз

3. Ерін қимылдарын жасау барысында мәтінді ақырын сыбырлап, бірақ анық айту керек.
4. Мәтінді жай сыбырмен айтып болғаннан кейін, оны дауыстап айту қажет. Анық және жайлап айтыңыз. Есіңізде болсын: тез сөйлеп үйрену үшін ақырын жайлап сөйлеп үйрену керек.
5. Мәтінді толық жаттап айтып болған соң, әр түрлі интонациямен айтыңыз.

Жаңылтпашты немесе әнді такпақ сияқты айтып көріңіз

Темпті біртіндеп жылдамдату арқылы әрбір әріпті дұрыс айтып үйренеміз.

- Енді тіл жоғары көмейге жиырылсын. Сонда тілдің астындағы көк тамырларға күш түсіп, р әрпі сөйлемде ашық шығатын болады.

Арқада алты арқар бар,

Қыркада қырық арқар бар

Қырық арқада ақ арқар бар,

Алты арқада марка арқар бар.

Шығарма кезең бойынша үйрену

- 1.Ән мен танысу
- 2.Мәтінмен жұмыс
3. Фортепиано сүйемелдеуімен орындау.